БЕКІТЕМІН
“Нұр-Бала” бөбекжай-бақша” ЖШС
меңгерушісі _____ Ж.М Сапарбаева

«Нұр-Бала» бөбекжай-бақша»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
медицина қызметкерінің
2026 – 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

2026-2027 оқу жылы

Нұр-Бала» бөбекжай-бақша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
медицина қызметкерінің
2026 – 2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Күні
	Ұйымдастыру және бақылау іс-шаралары	
1.	Балаларды таңертең қабылдауды бақылау.	Тұрақты
2.	Жаңадан келген әр балаға қажетті құжаттаманы ресімдеу. Әр топтағы балалардың тізімін бекіту.	Жаңадан келгендердің қабылдануына қарай, оқу жылының басында
3.	Эпидемиологиялық маусым кезеңінде балабақшада болмағандарды есепке алуды ұйымдастыру, емханамен (медициналық пунктпен) сабақтастықты жүзеге асыру.	Тұрақты
4.	Қызметкерлердіңмедициналықтексеруденуақтылыөтуінбақылау (МДҰ-да медициналықтексерулердіңнәтижелері бар барлықжұмысшылардасанитарлықкітапшалардыңболуы, медициналықтексерулерденуақтылыөту).	Бекітілген медициналық тексеруден өту кестесіне сәйкес
5.	Сауықтыру науқаны кезінде балалардың тамақтануын бақылау.	Жазғы кезең
6.	Санитарлық бюллетеньдерді ресімдеу.	Тоқсанына бір рет
7.	Медициналық құжаттаманың дұрыс және уақтылы жүргізілуін бақылауды ұйымдастыру.	Тұрақты
8.	Жылына 2 рет балалардың антропометриясы («Дене шынықтыру бойынша ҰІӘ жалпы және қимыл тығыздығы, антропометрия, өкпе қуатын өлшеу, динамометрия, лақтыру және секіру қашықтығын өлшеу» медициналық-педагогикалық бақылау).	Қыркүйек-наурыз
9.	Балалардыңденедамуыжағдайынбағалау, денсаулықжәнеденешынықтырутоптарынабөлу.	Жылына 2 рет
10.	Сыркаттануға байланысты балалардың МДҰ-ға келуіне талдау жүргізу (сырқаттану бойынша рұқсаттамалар, кейін талқылау арқылы).	Ай сайын, Тоқсан сайын
11.	Жарақаттанудың алдын алу. Топтар мен алаңдардағы жабдықтарды тексеру.	Тұрақты
12.	Қауіпсіздік талаптарының нормаларын сақтау (өртке қарсы, терроризмгекарсы, сейсмикалық және т.б.).	Тұрақты
13.	Педагогтер мен қызмет көрсетуші персонал: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты орындау.	Айына 1 рет
14.	Ауа температурасы. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы.	Аптасына 1 рет, тоқсанына 1 рет
15.	Жасанды жарықтандыру деңгейі.	Жылына 1 рет
16.	Желдету режимі.	Айына 1 рет
17.	Күрделі тазалау жиілігін және олардың сапасын сақтау.	Айына 1 рет
18.	Ағымдық тазалаудың сапасы.	Аптасына 1 рет
19	Жинау мүкәммалы, жуу және дезинфекциялау	Айына 1 рет

.	құралдарымен қамтамасыз ету және оларды сақтау жағдайы.	
20.	Топтық, қабылдау және дәретхана үй-жайларының санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау.	Тұрақты
21.	Топтық бөлмелердің тұрақты түрде желдетілуін қадағалау.	Тұрақты
22.	Ағымдағы және күрделі тазалық жүргізілуін қадағалау.	Тұрақты
	Эпидемияға қарсы шаралар	
1.	МДҰ-ғы санитарлық-гигиеналықжағдайларды бақылау.	Айына 1 рет
2.	Топтардың, үй-жайлардың, тағамхананың санитарлық жағдайын сақтау.	Күнделікті
3.	Зарарсыздандыру режимін, температуралық режимді, желдету режимін сақтау.	Күнделікті
4.	Балаларға гигиеналық дағдыларды үйрету сапасын бақылауды жүзеге асыру.	Тұрақты
5.	Балалардың күніне 2 рет сыртта серуендеу ұзақтығын бақылауды ұйымдастыру.	Тұрақты
6.	Гимнастика, сауықтыру жүгірісі, денешынықтыру ҰІӘ, маусымға сай киінуді бақылауды жүзеге асыру.	Тұрақты
7.	Сырқат балаларды уақтылы оқшаулау.	Тұрақты
8.	Персоналдан сауалнама алу: - персоналда суық тию мен іріңді аурулардың бар-жоғын тексеру жағдайы; - ішек инфекцияларының бар-жоғы туралы сауалнама; - тағамхана қызметкерлерінің жеке гигиенасы ережелерін сақтауы; - медициналық тексеруден, вакцинациядан, гигиеналық аттестаттаудан өтуі және оның уақтылығы. Үй-жайдың санитарлық жағдайы: - күрделі тазалау жиілігін сақтау.	Күнделікті Тұрақты Екі айда 1 рет
9.	Күрделі тазалау жүргізуді бақылау. Міндетті профилактикалық егулер жүргізілетін аурулардың тізбесіне сәйкес профилактикалық егулер жүргізу.	Аптасына 1 рет Тұрақты
	Тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау	
1.	Тамақтанудың нақты жағдайын бақылау және тамақтану сапасын талдау.	Тұрақты
2.	Тағамхананың санитарлық-гигиеналық жағдайын бақылау.	Тұрақты
3.	Тамақтану құнарлылығы (калория) және азық-түлік тұтыну нормалары сақталуын қадағалау.	Тұрақты
4.	Тамақтану гигиенасын және жиһаздың дұрыс орналасуын бақылау.	Тұрақты
5.	Тамақтану кезінде әр балаға жеке көзқарас танытуды	Тұрақты

	ұйымдастыру.	
6.	Дайын өнімнің бракеражы.	Тұрақты
7.	Табиғи нормалардың орындалуын бақылау.	Тұрақты
8.	Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру: - барлық жас топтары үшін үйлесімді және әр түрлі мәзірді әзірлеу; - балаларды дұрыс тамақтану негіздеріне оқыту бойынша іс-шараларды ұйымдастыру.	Жыл бойы
9.	Тәуліктік сынамаларды алу және сақтау.	Күнделікті
10.	Тағамды әзірлеу технологиясын сақтау.	Тұрақты
11.	Тез бұзылатын өнімдер мен дайын өнімдерді іске жарату мерзімдерінің сақталуын бақылау.	Тұрақты
12.	Азық-түлік мөлшеріне септеу, дайын тағамның шығуын тексеру.	Тұрақты
13.	Азық-түлік қоймасының санитарлық жағдайын, тауарлардың көршілестігін, тоңазытқыш камерасын тексеру, ыдыс-аяқты таңбалау.	Тұрақты
14.	Тамақтануға қатысты құжаттармен жұмыс: мәзір, жинақтау ведомосы, сынамалардың көрсетілуін бақылау.	Тұрақты
15.	Азық-түліктің тағамханадан топтарға таратылуын бақылау/салмақ нормасы, тағамның көлемі.	Күнделікті
16.	Топтарда тамақ таратуды бақылау/порция көлемі, салмақ нормасы.	Күнделікті
17.	Тәулік бойы жұмыс істейтін МДҰ-да үшінші тағамды (нәрсу) «С» дәруменімен күнделікті дәрумендендіру.	қараша – мамыр айларында
18.	Үстелдің жабдықталуын бақылау.	Тұрақты
19.	Бракераж комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.	Тұрақты
20.	Үйлесімді тамақтануды ұйымдастыру: - маусымдарға қарай төрт апталық перспективалық мәзір әзірлеу; - тағамдар мен аспаздық өнімдердің технологиялық карталарын әзірлеу; - диеталардың энергетикалық құндылығының балалардың энергия шығындарына сәйкестігі; - мәзірді табиғи шырындар, жемістер және көкөністермен құнарландыру; - тамақтану арасындағы уақыт пен аралықты сақтау; - балалардың жасына сәйкес дастарканды эстетикалық тұрғыдан жабдықтау.	Жылбойы (маусымынақарай: көктем-жаз, қыс-күз)
21.	Тамақтану рационы: - тамақтану рационының сапалық және сандық құрамы, оның жас және физиологиялық қажеттіліктерге сәйкестігі; - рациондық алып тастыруға қатысты талаптар мен ұсынымдарды сақтау; - тамақтануға қолданылатын азық-түліктің ассортименті.	Аптасына 1 рет
22	Тамақ әзірлеу технологиясы:	Жарты жылда 1 рет

.	- технологиялық құжаттаманы ресімдеудің дұрыстығы; - қажетті нормативтік-техникалық құжаттаманың болуы; - тағам әзірлеу кезінде санитарлық-технологиялық талаптарды сақтау.	
23.	Азық-түліктер: - сақтау мерзімі мен шарттары; - тоңазытқыш жабдығының жарамдылығы; - тоңазытқыш шкафтарда температуралық режимді сақтау; - азық-түлік сақтау.	Аптасына 1 рет
24.	Азық-түліктер мен дайынөнімдерді тарату: - қолдану мерзімдері, іске жарату шарттары; - дайын тағамның температурасы бойынша талаптарды сақтау; - аспаздық өңдеуге дайындалған тағамдар мен дайын тағамдарды тағамханада сақтау мерзімі.	Күнделікті
Түсіне қарай өндірістік бақылауды ұйымдастыру, тұрақты түрде		
1.	Кіргізерде азық-түлікті бақылау: сапаны, ілеспе құжаттарды, тасымалдау шарттарын тексеру.	Түсіміне қарай тұрақты түрде
2.	Сақтау шарттарын бақылау: тоңазытқыш және қойма жабдықтарының температуралық режимі, жарамдылық мерзімдерін сақтау.	Тұрақты
3.	Тамақ дайындаудың технологиялық процесін бақылау: термиялық өңдеу, тағамдарды салу және шығуының нормаларын сақтау.	Тұрақты
4.	Тағамдарды таратуды бақылау: тарату желісінің санитарлық жағдайы, тағамдарды беру шарттарын, температуралық режимді сақтау.	Тұрақты
Дене тәрбиесін ұйымдастыруды бақылау		
1.	Дене тәрбиесін, шынықтыру іс-шараларын ұйымдастыруды бақылау	Айына 1 рет
2.	Дене шынықтыру мен айналысуға арналған медициналық топтарға бөлу	Жылбасында
3.	Балалардың дене дайындығын бағалау	Тұрақты
4.	Дене тәрбиесінің тиімділігін талдау	Тұрақты
5.	Таңғы гимнастика: - күнделікті ҰІӘ және арнайы жаттығулар кешендері (жазда таза ауада жалаңаяқ, қыста денешынықтыру жөнінде нұсқаушының жоспары бойынша жеңіл киіммен).	Күнделікті
6.	Сумен шынықтыру: - аяққа бөлме температурасындағы су құю және аяқты контраст түрде шынықтыру (жазда); - тыныс алу гимнастикасы; - желдетуден кейін топта ауа арқылы шынықтыру.	Тұрақты
7.	Таза ауада белсенді ойындар: - көшеде қимылды ойындар мен спорттық іс-шараларұйымдастыру; - саябақтарға, орманға, табиғатқа серуендеу және экскурсиялар.	Күн ішінде

8.	Дене шынықтыру ҰІӘ: - балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес денешынықтыру мен тұрақты айналысу; - күн тәртібіне йога, би және басқа да қызмет түрлерін қосу.	Тәрбиеші мен дене шынықтыру жөнінде нұсқаушысының циклограммасына сәйкес
9.	Аурудың алдын алу: - тұрақты медициналық тексерулер және мамандардың кеңестері; - вакцинация және иммунитеттін ығайту шаралары.	Тұрақты
10.	Гигиеналық дағдылар: - балаларға жеке гигиена ережелерін үйрету; - балабақшада тазалық пен тәртіпті сақтау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.	Күнделікті
11.	Күн режимі: - белсенді ойындар мен демалу уақытын ауыстыра отырып, күн тәртібін сақтау.	Күнделікті
12	Оқыту іс-шаралары: - саламатты өмір салты туралы тақырыптық оқытулар мен әңгімелер өткізу; - ата-аналарды іс-шараларға қатысуға тарту.	Тұрақты
13.	Спорттық мерекелер мен жарыстар: - барлық топтардағы Денсаулық апталығы.	Қыркүйек, қаңтар және сәуір айларының бірінші аптасы
14.	Дене шынықтырумерекелері: «Ұлттықойын – ұлтқазынасы»: мектепжасынадейінгібалалярменұлттықойындарөткізу. «Бізспортшымыз» спорттықэстафеталықойындар. «Шымырбалақай» спорттықмерекесі. «Әкем, анамжәне мен» жарысы. «Шағын олимпиада» спорттықэстафеталықойындар. «Жас турист» спорттықмерекесі.	Күнделікті Барлықтоптардатоқсанына 1 рет
15.	Ата-аналармен бірге балалардың дене тәрбиесі, шынығуы тақырыбында әңгіме жүргізу.	Жыл бойы
16.	Жиһазды таңдау: таңбалау және балалардың бойларына сәйкестігі.	Қыркүйек-наурыз
17.	Балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуды бақылау циклограммасы: - бракераж журналын жүргізу; - профилактикалық тексерулер жүргізу, Ф26, Ф63 үлгісіндегі екпе егу; - «Д» тізіміндегі балаларды тексеру; - әр баланың психикалық дамуын бағалау, денсаулық тобын анықтау.	Күнделікті
Емдеу-сауықтыру іс-шаралары		
1.	«Жиі ауыратын» балаларды уақтылы есепке алуды ұйымдастыру; - жеке сауықтыру жоспарларын құру: маусымдық профилактика.	Тұрақты
2.	Балалардың бір жыл ішінде сауығуын аталдау жүргізу, нәтижелерін педагогикалық кеңесте қарау.	МДҰ жоспары бойынша
3.	Жиі ауыратын балалардың ата-аналарына жаз кезеңінде	Жазғыкезең

	сауықтыру жөнінде ұсынымдар құрастыру (шынықтыру, тамақтану, киіну).	
4.	Ойыншықтарды, үй-жайларды кварцтауды жүргізу.	Тұрақты
5.	Тыныс алу жаттығуларын жүргізу.	Тұрақты
6.	Таңғы гимнастика.	Күнделікті
7.	Ауа ваннасы.	Күнделікті
8.	Жалаң аяқ жүру (жазда).	Күнделікті
9.	Аяқты контраст түрде шынықтыру.	Тұрақты
10.	Майтабан, сколиоз, семіздік және т.б. алдын алуға арналған арнайы гимнастикалық жаттығулар.	Тұрақты
11.	*Спорт алаңындағы қимылды ойындар.*	Тұрақты
12.	Маусымға сәйкес киім.	Тұрақты
13.	Топтарда балалардың денсаулығын жалпы нығайту және шынықтыру шаралары.	Тұрақты
Тәрбиешілермен жұмыс		
1.	Жаңа оқу жылына дайындық: - жиһазды бойға қарай таңбалау; - балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулық; - балаларды мектепке дейінгі ұйымға бейімдеу.	Қыркүйек
2.	Таңертеңгі қабылдау: - МДҰ-да жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу.	Қазан
3.	Кеңес беру: - баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы; - мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін шынықтырудың рөлі.	Қазан
4.	Нұсқаулау: - ойыншықтарды жуу ережелері; - топтың үй-жайларын желдету; - топтағы температуралық режим.	Қараша
5.	Мүсіннің бұзылуы, майтабан, сколиоздың алдын алу.	Желтоқсан
6.	ЖРВИ және тұмаудың алдын алу іс-шаралары.	Желтоқсан
7.	Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын тәрбиелеу.	Ақпан
8.	Көру қабілетінің бұзылуының алдын алу.	Наурыз
9.	Асқазан-ішек ауруларының алдын алу. Гельминтоздың алдын алу.	Сәуір
10.	Кене энцефалитінің және геморрагиялық безгектің алдын алу.	Сәуір
11.	Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулық: - улы саңырауқұлақтар мен өсімдіктер; - денеге күн өту және ыстық өту; - жарақаттанудың алдын алу; - улану және күйік шалу.	Мамыр
12.	Жазғы сауықтырудың жұмыс жоспарымен танысу.	Мамыр

Тәрбиешінің көмекшілері мен жұмыс		
1.	Гигиеналық талаптар, сыртқы көрінісі.	Қыркүйек
2.	МДҰ санитарлық-эпидемиологиялық режим.	Қыркүйек
3.	Балалардың тамақтану рационын ұйымдастыру. Тағамдардың порциялары.	Қыркүйек, сәуір
4.	Мүкаммалды таңбалауға қойылатын талаптар, таңбалау ережелерін сақтау.	Қазан, наурыз
5.	Ыдыс жуу ережелері, шүберектерді зарарсыздандыру.	Қазан, ақпан
6.	Санитарлық талаптар, ағымдық және күрделі тазалауды жүргізу.	Қазан, наурыз
7.	Жинау мүкәммалын сақтауға қойылатын талаптар.	Қараша, мамыр
8.	Вирустық инфекция кезіндегі карантиндік іс-шаралар.	Қараша
9.	Төсек-орындарды, сүлгілерді ауыстыру ережелері. Сақтау және таңбалау.	Желтоқсан
10.	Қызметкерлердіңжекегигиенасы. Медициналықтексеруденөтугеқойылатынталаптар.	Ақпан
11.	Квачтерді өңдеу, дезинфекциялық ерітінділерді сұйылту, оны сақтау.	Наурыз, казан
12.	Кене энцефалитінің алдын алу.	Сәуір
13.	Көше учаскесін, террасаны тазалау ережелері.	Мамыр
Тағамхана қызметкерлерімен жұмыс		
1.	Тағамхананы ағымдық тазалау.	Тоқсанына 1 рет
2.	Шикі жұмыртқаларды зарарсыздандыру.	Тоқсан сайын
3.	Көмбеш (запеканка) дайындауға қойылатын талаптар.	Тоқсан сайын
4.	Еттен котлет, биточки, рулет дайындаудың талаптары.	Тоқсан сайын
5.	Көкөністерді зарарсыздандыру.	Тоқсан сайын
6.	Тағамхананы күрделі жинауды жүргізу.	Тоқсан сайын
7.	Тағамханадағы ыдыстарды таңбалау.	Жарты жылда 1 рет
8.	Плиталар, пештер, ас құралдары мен ыдыстарды жуу режимі.	Жарты жылда 1 рет
9.	Гарнирлер дайындауға қойылатын талаптар.	Жарты жылда 1 рет
10.	Тәрбиеленушілер тәулік бойы болатын МДҰ үшін тамақтануды «С» дәрумендендіру	Қараша – мамыр
11.	Қызметкерлерге қойылатын гигиеналық талаптар, қызметкерлердің медициналық тексеруден өтуіне қойылатын талаптар.	Жарты жылда 1 рет
12.	Етті өңдеу.	Жарты жылда 1 рет
13.	Тағамды тарату ережелері.	Жарты жылда 1 рет
Ата-аналармен жұмыс		
1.	Баланың мектепке дейінгі ұйымға бейімделу кезеңі.	Қыркүйек
2.	Мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібін ұйымдастыру.	Қазан
3.	Суық тию және жұқпалы аурулардың алдын алу.	Қараша
4.	Күн райына қарай киіну.	Қаңтар
5.	Денеге күн өту және ыстық өту. Алғашқы көмек көрсету.	Мамыр, маусым
6.	Кене энцефалиті.	Сәуір

7.	Балалардың дұрыс тамақтануы.	Маусым
	Санитарлық-ағарту жұмыстары	
1.	Балалардың бейімделу процесін қалай бақылауға болады?	Консультация
2.	ЖРВИ мен тұмаудың алдын алу	Әңгімелесу
3.	Таза ауада қимылды ойындарды қалай өткізуге болады?	Консультация
4.	Күзгі кезеңде қандай шынықтыру шараларын өткізуге болады?	Консультация
5.	Балаларға жеке бас гигиенасы дағдыларын қалай сіңіруге болады?	Консультация
6.	Серуенде және топта жарақаталған кезде алғашқы көмек көрсету.	Семинар
7.	Топтық бөлмелерде оңтайлы температуралық режимді сақтау.	Жаднамалар
8.	Бейімделу процесінде туындайтын қиындықтар.	МДҰ консультациялық пунктінде консультациялар
9.	**Гигиена және күн тәртібі:** - мектеп жасына дейінгі балалардың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру; - баланың күн тәртібін және ұйықтау режимін сақтау; - баланың денсаулығы үшін жеке бас гигиенасы мен тазалықтың маңызы; - баланың терісі, көзі, құлағы және ауыз қуысына дұрыс күтім жасау.	
10.	**Денсаулық және профилактика:** - балаларда жедел респираторлық вирустық инфекциялар мен тұмаудың алдын алу; - үй жағдайында шынықтыру процедуралары; - ішек инфекциясы мен уланудың алдын алу; -туберкулездің алдын алу және жыл сайынғы туберкулино диагностика жүргізу.	
11.	**Физикалық даму және қауіпсіздік:** - баланың қозғалыс белсенділігі мен физикалық белсенділігін ұйымдастыру. - күнделікті өмірде және серуенде жарақаттанудың алдын алу. - жеңіл жарақаттар мен көгертіп алу кезінде алғашқы көмек.	
12.	**Психоэмоционалды денсаулық:** - баланың балабақша жағдайына бейімделуі; - шаршау мен эмоциялық таусылудың алдын алу; - үйде қолайлы эмоционалдық лиматты қалай құруға болады?	

Медбике: Шу **Шушлебина Н.Н**